

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ **2** (61)
28 ақпан 2015 жыл

2-бет

Павлодар жастарының газеті

*14 ақпан - мереке ме,
әлде келеке ме?*

Қазақтың қайсар ханы - Қасым хан

3-бет

*Жаулары жер
жастаңнан ер
Жасыбай*

5-бет

**С.ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ
ЖЕКЕ ӨМІРІНЕ
ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ
ТЫҢ ДЕРЕК
БІЛЕСІЗ?**

6-бет

АҚПАР

НАСИХАТ
ТЫНЫСЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Насихат» саяси-құқықтық клубының белсенділері Қазақстан халқы ассамблеясы 20 жылдығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.



Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Насихат» СҚК С. Торайғыров атындағы ПМУ С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхана қорын кеңейту мақсатында студенттерге рухани азық болатын кітаптарды сыйлады.



«Жастар саясаты туралы жаңа заңның енгізілуі мен кезектен тыс Президент сайлауы – еліміздің арықарай дамуының бір жаңа серпілісі» атты форумында «Насихат» СҚК төрағасы Бексұлтан Қабышев ҚР Президентін кезектен тыс президенттікке сайлау жұмыстарын қолдауға жастарды шақырды.



Бүгінгі «Насихат» айдарында «Насихат» саяси-құқықтық клубы қоғамдағы жиі талқыға салыныатын 14 ақпан – Валентин мерекесі туралы сөз етпек. Бұл мейрамды тойлау яки тойламау мәселесі жастар назарында.

14 Ақпан – мереке ме,
әлде келеке ме?

Жақында «Әулие Валентин күні» ғашықтар мерекесі аталып өткені бәрімізге белгілі. Ал бұған шаруаға та, заң да, қоғам да күдіктен қарайды. «Бұл күн қайдан келді?» деген сауалға сан рет жауап берілсе де, орайы келгенде орамды ойларды ортаға салуды жөн көрдік.

Бұл бәленің басы сонау Еуропада басталған болу керек. Кейбір білгіштер Валентин туралы бірнеше пікірлер айтады. Біріншісінде – Валентин есімді католик шіркеуінің қызметкері Рим Императоры Клавдий II тұсында өмір сүрді делінеді. Ол кездерде жас жігіттер әскерге бармау үшін қулық жасап ерте үйленетін болған. Осындай жағдайды болдырмау үшін Клавдий II оларға борышын өтемес бұрын некеге тұруға тиым салады. Ал Валентин деген дін қызметкері болса оларды жасырын түрде некелестіріп отырған. Бұндай әрекеті үшін әшкереленіп, оның басын 14 ақпанда шабады. Кейін 469 жылы Геласиус деген Рим императоры осы күнді «Әулие Валентин күні» деп жариялайды. Екінші деректе – оның дін қызметкері екендігі және христиандарға көмек көрсеткені үшін жазаға тартылып, түрмеге жабылып, соңында басы шабылғандығы айтылады. Үшіншісінде – Валентин деген дін қызметшісі болғандықтан өз сүйгеніне сезімін білдіре алмай, қызға жүрек тәріздес хаттарды жіберетін болған деседі. Бұл жерде де оны осы ісі үшін жазалайды. Төртіншісі – мүлдем өзгеше оқиға. Валентин ешкімге ғашық болмаған дейді. Христиан дінінің қызметкерін не үшін жазалағанын ешкім білмейді. Бірақ ол өлім жазасына кесілгеннен кейін «Әулие» деп атанып кетіпті.

Жалпы «Әулие Валентин күні» Батыс Еуропа елдері XIII ғасырдан бастап тойласа, АҚШ 1777 жылдан бастап тойлап келеді. Ал тоқсаныншы жылдардың басында мейрам Ресейге де жетіп, дәл сол жылдардан бастап біздің елімізде де тойланып жүр. Сонда қазақтың қанына жат мемлекеттен келген мереке қара көзділерімізге қаншалықты қажет? Әлде қазақ халқы махаббатқа қарсы ма? Қыздарын қырық үйден тыя білген, ұлдарын иманға ұйя білген бабаларымыз да махаббатты тиісінше түсіне білген. Өзге емес өзіміздің тарихымызға көз жүгіртсек, ғашықтарды жырламай өту мүмкін емес: Қозыкөрпеш-Баян сұлу, Қыз Жібек пен Төлеген, Еңлік пен Кебек сынды сезімдеріне берік, махаббаттарына адал нағыз ғашықтар осылар шығар.

Ақпан туысымен дүкендерде көздің жауын алатын қызылды-жасылды жүрекшелерге «Я тебя люблю» секілді жазулар жазылған түрлі дизайнға қағаздар мен сыйлықтар сатылып жатқанын көреміз. Оған қоса гүл сатып алуға, тіпті шет елге шығатын жолдамаларға және тағы да басқа сол сияқты қос ғашықтарға арналған сыйлықтарға қаншама жеңілдіктер жасалып жатқанына қанық боламыз. Тіпті бұл айда сыйлық жасау саны рекордқа дейін жетеді. Ал бұл кәсіпкерлер үшін өте пайдалы. Мұның барлығы ысырапшылық емей мемене?! Ғаламшардың бір жағында аштықтан өліп, соғыста қырылып жатқан адамдар. Ал бір жағында істейтін істері болмай қайдағы бір мереке үшін естері шығып жүрген жұрт. «Біреулер тоңып секіреді, біреулер тойып секіреді» деген осы шығар. Және дәл осы күні махаббаттың мазағына айналып, отына күйгендерге келсек көз сүрінеді. Түнгі клубтар мен ресторан секілді «жынойнақ» жерлерде жастарымыз жиналып «жынды суды» құмарлары қанғанша жұтып, бір-бірлерінің басын жарып, көзін шығарындары жасырын емес. Оған қоса қанша бойжеткен абыройын-

нан айырылып, қанша жігіт махаббатына қол жеткізе алмай жүргені бар.

Мүмкін шетелден жақсы да нәрселер келіп жатқан шығар. Бірақ жаман жақтары басым болып тұр-ау шамасы. Ал жастарды алдап-арбау өте оңай. Бірнеше ай бұрын тойлап кеткен «Хеллоуин», 14 ақпандағы «Әулие Валентин» секілді жөн-жорғысыз, қазақтың болмысына мүлдем жанаспайтын мерекелер мен салт-дәстүрлер санамызға сіңіп барады. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауымыздың орнына оларды ұмытып баратынымыз өкінішті. Соңғы күндері 15 сәуірде біле білсеңіздер қазақтың мейрамдарының бірі – ғашықтар күні тойланады. Ал бұл мейрамның жаңағы мағынасыз мерекеден айырмашылығы – тарихтағы қос ғашық – Қозы Көрпеш пен Баян сұлу махаббатының адалдығын келер ұрпаққа насихаттау болып табылады.

Біз қазақпыз, ғашық болған Баянға,

Ей, жастарым елін үшін аянба.

Ғашық болсаң Валентин күніне емес,

Қалқаман мен Мамыр жайлы баянда.

Біз қазақпыз ғашық болған Жібекке,

Еңлікті айт ыңтық болған Кебекке,

Қазағымның өз тарихы тұрғанда

Өзге ұлттың Валентині керек пе?

Ислам діні махаббатқа қалай қарайды? Құранда: «Алла құдіретінің белгілерінің бірі сендерге өздеріңнен жұбайлар жаратты. Және сендердің араларында сүйіспеншілік пен мейірім жасады...» («Рум» сүресі, 21-аят). Бұл жерден ислам діні махаббатқа еш қарсылығы жоқ екенін көруге болады. Бірақ некеге дейін жақындасуға қатаң түрде тыйым салынған. «Жалғыздық тек қана Аллаға ғана жарасады», демекші әр адам өзіне теңін тапқаны дұрыс. Есімізге түсірсек, алғашқы жаратылыстың басы – Адам ата мен оның қабырғасынан жаратылған Хауа анамыз да махаббаттың символы іспетті.

Жалпы махаббат өте күрделі ұғым. Және әр адам оны әртүрліше түсінеді. Менің түсінігімше, махаббат – бұл құштарлық, сүйіспеншілік, жақсы көру. Қыз бен жігіт арасындағы махаббатты айтпағанда, дүниеге әкеліп, түн ұйқысын төрт бөлген анаға, кіндік қаны тамған – туған жеріңе, әрқашан қасыңнан табылатын құрбы-құрдас, жолдастарыңа, құдай қосқан жарыңа және тағысын тағы бар. Адам өзі ыңтық болған кезде соны «махаббат» деп атайды. Қалай болғанда да әр адам махаббатты басынан кешіреді. Данышпан, хәкім Абай айтпақшы: «Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңыз».

Мен өсте, бұл мерекеге қарсымын. Себебі, бұл мереке жастардың саналарын жаппай жаулап, соңында жауапсыздыққа дейін жеткізетіні жалпақ жұртқа жасырын емес. Сөйтіп, мереке келекеге айналмауына кім келіп?!

Бексұлтан КАБЫШЕВ





Қазақ хандары

3



Бұрындық, Қасым, Махмұт, Әдік және т.б. сұлтандар хандардың жанында жүріп сол кездегі оқиғаларға араласқанымен, жазба деректер мәліметтерінде негізгі хандардың есімдері аталып отырған. Қасым алғаш рет жазба дерек мәліметтерінде Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін, яғни 1470 жылдардың басынан бастап айтыла бастаған.

ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ

«Қасым ханның қасқа жолы» — қазақ халқының хандық дәуіріндегі әдет-ғұрыптық заң ережелерінің жиынтығы. Негізгі орта ғасырларда Қыпшақ, Шағатай қолданған «ярғу» заңынан (қазақша «жарғы») — хақиқат деген ұғымды білдіреді) алынған көрінеді. Қасым хан өзі билік құрған кезеңде қазақ халқының этникалық аумағын кеңейту барысында әдет-

бірнеше кезеңі бар. Алғашқы кезең — 1470-1520 жылдар аралығында өтті. Міне, осы алғашқы кезеңде Қасым хан өзін ірі қолбасшы әрі ірі мемлекет басшысы ретінде көрсетіп, замандастарының жазбаларында ұлы тұлға ретінде көрініс табады.

Сонымен қатар, Бұрындық хан тұсында Қасым сұлтандық дәрежеде болып, бүкіл қазақ әскерінің қолбасшысы міндетін атқарады. XVI ғасыр басында жазылған «Шайбанинама» еңбегінің авторы Камал ад-дин Бинай Қасым хан туралы: «Ол — Бұрындық ханның әскерлері ішіндегі атақты баһадүрі және мықты сұлтанның бірі болды» деп жазады.

ҰЛЫ ДАНАЛАР СӨЗІ

Тарихтағы көптеген адамдарды олар жайлы айтылған ой-пікірлерден оқып білеміз. Сол сияқты Қазақ хандарын тек қана қазақтар ғана емес, сонымен қатар басқа да адамдар жоғары бағалап, олар жайлы бі-

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ХАНЫ — ҚАСЫМ ХАН

Әлихан Бөкейхан былай деп пікір қалдырған: «Қасым хан бүкіл қазақ халқын біріктіру арқылы үлкен әскери күшке ие болды. Қарауындағы халықтың бақытына орай, ол өзінің бейбітшілік сүйгіш саясатымен халықтың махаббатына бөленді. Осы бейбітшілік сүйгіштігімен Қасым хан халықтар арасында ерекше әйгілі болды», — деген.

Тарихта адамдар несімен есте қалады, не себепті олар жайлы мәліметтер, деректер аз кездеседі? — деген сұрақтар кімді болсын мазалайтыны сөзсіз. Өзіміз білетін Керей мен Жәнібек хандар Қазақ хандығының негізін салушы деп тарихта қалды. Кийінгі қазақ халқының жерін кеңейткен Қасым ханды білеміз. Қасым хан десек бірден «Қасым ханның қасқа жолы» заңдар жинағы еске оралады. Осындай мәліметтерді ғана біліп, бүкіл бір қазақ тарихын білдім деу қате болар. Тарих зерттелді, әлі де зерттелуде және зерттеле бермек. Себебі, қазақ тарихының тамыры тереңде.

ШЕЖІРЕЛІ ҰРПАҚ

Т.ғ.д., профессор Б.Кәрібаев өзінің зерттеу еңбегінде: «Қасым ханның жеке өмірбаянына арнайы жазылған ортағасырлық дерек жоқ, тек қана оның сұлтандық және хандық дәуірінен үзік-үзік мәліметтер Қадырғали Жалайыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Бабыр, Бинай, Шади, Рузбехан Исфакхани, Махмуд бен Уәли, Хайдар Рази, Гафари, Абдаллах Балхи, Әбілғазы және тағы басқа авторлардың еңбектерінде кездеседі. Орыс деректерінде де ол туралы мәліметтер баршылық», — дейді. Одан кейін тарихи деректерге сүйене отырып Қасым ханның ататегін былай түсіндіреді: «Қасым хан — Шыңғыс хан ұрпағы. Шыңғыс ханның кім екендігі баршаға мәлім. Қасым хан оның үлкен ұлы Жошыдан тарайды. Жошының он төрт ұлының бесеуі және олардан тараған ұрпақтар XIII-XV ғасырларда Еуразияның шығыс бөлігіндегі саяси тарихта үлкен рөл атқарады. Орда Ежен, Бату, Шибан, Тұқай Темір ұрпақтары Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Қазан, Қырым, Қажытархан, Сібір, Хорезм хандықтарының және Мауренахрдың (XVI-XVIII ғ.ғ.) хандары болған.

Ортағасырлық кейбір дерек мәліметтері мен соларға негіздеп жазылған қазіргі тарихи зерттеулерде Қасым ханның Жошының қай ұлынан тарайтындығы жөнінде екі түрлі болжам бар. Бірінші нұсқа бойынша, қазақ хандары Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен тарайды, ал екінші пікірдегілер қазақ хандарын Жошының ең кенже ұлы — Тұқай Темірден өрбітеді. «Тұқайтемірлік» пікірді қостаушылардың сүйенетіні — XVI және XVII ғасырларда жазылған «Тауарих-и гузида-и нусрат наме» мен Әбілғазының «Түрік шежіресіндегі» мәліметтер.

«Ордаежендік» пікірді ұстанушылар, негізінен, XIV және XV ғасырдың басында жазылған Рашид-ад Диннің «Жамиғ ат-тауарихы» мен аты шулы «Ескендірдің анонимі» атты деректеріне сүйенеді. Біз де осы пікірді қостай отырып, Қасым ханның шежіресін былайша өрбітеміз: Шыңғыс хан — Жошы — Орда Ежен — Сартақтай — Қоныша — Сасы Бұқа — Шымтай — Орыс хан — Құйыршық хан — Барақ хан және Жәнібек хан.

Көріп отырғанымыздай, Қасым хан жай ғана Шыңғыс ұрпағы емес, ежелден бері келе жатқан хандық әулеттің тікелей жалғасы, заңды өкілі, Орда Еженнен Орыс ханға дейін Қасым ханның аталары Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігінде билік құрған.

ТЕКТІ ӘУЛЕТТІҢ ТӨРЕСІ

Жоғарыдағы қысқаша шолудан байқағанымыздай, атақты Қасым хан жай ғана Шыңғыс ұрпағы емес, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында үздіксіз билікте болған текті әулеттің өкілі болып саналады. Ата-бабасынан қалған дәстүр, тектілік оның бойынан да табылады. Ол тек қана хандық әулеттің жолын жалғастырушы емес, сонымен бірге қалыптасқан жаңа саяси жағдайларға сай хандық билікті, мемлекеттілікті дамытушы қайраткер ретінде тарихта өз орнын алған тұлға. Қасым хан — Жәнібек ханның тоғыз ұлының бірі. Оның ішінде Қасым мен Қамбар бір анадан, Жаған бикеден туылған. М. Дулатидың «Тарихи-Рашиди» атты еңбегінде Қасым ханның қай жылы дүниеге келгенін анықтайтын жанама мәлімет бар. Онда автор 1513 жылы шағатайлық Сұлтан Сайд ханның Шу бойындағы Қасым хан Ордасына келгені жөнінде жаза келіп, «бұл кезде Қасым ханның жасы алпыстан асып, жетпіске жақындап қалған болатын» деп баяндайды. Осыған сүйене отырып, 1513 жылы Қасым ханның жасы 67-68-дерде десек, онда ол 1445-1446 жылдарда дүниеге келген деп есептейді. Қасым ханның өміріне байланысты деректер 1470 жылдарға дейін ешбір еңбекте кездеспейді. Оның себебі түсінікті де. Қазақ хандығы құрылғаннан 1470 жылдар басына дейін мемлекеттегі ірі саяси тұлғалар Керей мен Жәнібек хандар болды. Ал

ғұрыптық заңдарға арқа сүйенген. Қасым хан өз заңында Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи ғұрып ерекшеліктерін сақтайды. Мысалы, жеті атаға дейін үйленбеу, әмеңгерлік, қазылық билік, т.б. Ол халықтың көкейінен шыққан әрі ежелден келе жатқан билік дәстүрді, әдет-ғұрыптық «жарғыны» жаңғыртып, күшейтті. Бұл заңның шығуының бірнеше себептері бар:

1. Қасым ханның билігі тұсында Керей, Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтерілді;
2. Қазақ халқының этникалық территориясы толығымен біріктірілді;
3. Хандық билік этникалық территорияға толық тарап, рөлі артты;
4. Қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмейді.

Міне, осы аталған себептер «Қасқа жолды» дүниеге әкеледі. Бұл заңның жазбаша мәтіні болмаса да қазақ есінде заң атының жарты мың жыл бойы сақталды.

«Қасқа жолдың» қазаққа өте қонымды, қоғамдық қатынастарға үйлесімді болғанын көреміз. Бұл заңға енген ережелерге тоқталар болсақ:

- мүлік заңы (жер дауы, мал-мүлік дауы);
- қылмыс заңы (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық қылу)
- әскери заң (аламан міндеті, қосын жасақтау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат);
- елшілік жоралары (майталман шешендік, халықаралық қарым-қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалылық);
- жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарыс, бәйге ережелері, жасауыл, бекеуіл, тұтқауыл міндеттері).

«Қасқа жолдың» қағидалары өзгерусіз XVII ғасырға жетіп, Есім хандық құрған тұста (1598-1645 ж.ж.) «Есім ханның ескі жолы» деген жаңа атқа ие болған. Тәуке ханның тұсында (1680-1708 ж.ж.) бұл заң әлі де шарифат қағидасымен боялмай, ежелгі билер жасаған қалпын жақсы сақтаған көрінеді.

АТАҚТЫ БАҒАДҰР ЖӘНЕ МЫҚТЫ СҰЛТАН

XV ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап Қазақ хандығының тарихында жаңа кезең басталады. Тарих тұрғысынан алып қарасақ, бұл кезең — Қазақ хандығының күшеюімен, нығаюымен, ұлттық аумағының біріктіріле басталуымен сипатталады. Мұндағы ең басты оқиғаға — Қазақ хандығының Сырдарияның орта ағысы бойындағы қалалар мен далаларды қайтару үшін Мауреннахр билеушілерімен жүргізген күресі жатады. Бұл күрес 1470 жылдардың ортасынан 1598 жылға дейін созылған. Бір ғасырдан астам уақытқа созылған күрестің

рауыз пікір қалдырған. Ұлы даналардың ұлы сөздеріне тоқталар болсақ, Захир ад-дин Бабыр: «Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде 300 мың адам болған» десе, Мұхаммед Хайдар Дулати: «Ол Дешті Қыпшаққа толық билігін таратты, оның халқы миллионнан асты. Жошы ханнан кейін бұл жұртта дәл мұндай күшті хан болған жоқ» деп жазады. Ал Қадырғали Жалайыр болса, «Жәнібек хан ұлдары ішінде аса белгілі болғаны Қасым хан еді. Ұзақ уақыт атасының ұлысына патшалық етті. Төңірегіндегі уәлаяттарды өзіне қаратты» дейді. «Қасым хан Дешті Қыпшақ аймақтарында өз билігін күшейткені соншалық, оның әскерінде 200 мыңнан аса адам болды» деп Махмуд ибн Уәли баяндаса, Хайдар Рази: «1515-1516 жылдары Қасым хан Жошы ұлысын тәртіпке келтіргендігі сондай, бұдан артықты көз алдыңызға елестету мүмкін емес, оның халқының саны миллионға дейін жетті» деп хабар береді. Ал Гафари деген тарихшы «Қасым хан Дештінің

ханы» болған деп баяндайды. Шайбани хан екеуінің арасында кикілжіңдер болып, 1509-1510 жылы Шайбани хан оған қарсы аттанды, бірақ жеңіліс тапты» дейді. Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығы жайындағы хабарлар Еуропа елдеріне де жеткен.

Сөзтүйін. XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса уақыттан бері сақталып келе жатыр. Қасым ханның қазақ билеушілерінің болашақ өкілдеріне қалдырған өнеге жолы — елдің саяси бірлігін сақтауымен мемлекеттіліктің ең басты көрсеткіші хандық билікті нығайтуы, оны мойындатуы. Тарихтың төрінен, қазақтың жүрегінен орын алған Қасым ханның қайсар мінезі ұлт санасында ешқашанда өшпейтініне сенімдіміз. Қасым ханның өмірі мен қазақ тарихының сахнасында алатын орны міне, осындай.

Ақмарал Ерманот



«Мен ауызбіршіліктен айнымайтын ақ жүрек жұртының, қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналарына кәміл сенемін. Бұл жолда біздің ең басты құндылығымыз - берекелі бірлігіміз»

ҚР Президенті

Н. Ә. Назарбаевтың, 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауынан

ЕЛҮШІН ТУҒАН АЛЫШТАР

Қазақ халқы – тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей, өзегін ғасырлар тереңіне тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп, келе жатқан байырғы халық. Даладай дархан, кең пейілді, алып, қайсар қазақ халқының өзегін жарып шыққан талай қазақтың дүлдiлдерiнiң тарих сахнасында есiмдерi мәнгiлiк алтын әрiптермен жазулы тұр.

Халқымызды бiрлiк пен татулықтың бесiгiнде тербеткен, ынтымағы мен достығы жарасқан, ұлтаралық келiсiм мен сыртқы саясатты көрегендiкпен жүргiзе алған асқар таудай алпауыт ұлдарының бiрi – Абылай хан. Абылайға дейiн де, одан кейiн де бiрде-бiр қазақ ханының бiр жеңнен қол, бiр жағадан мойын шығара алатындай халықты бiрлiкте, бейбiтшiлiкте басқара алған емес. Бұл ең алдымен оның билiгiнiң сөзсiз құдыреттiлiк сипатына байланысты едi. Абылай хан көреген саясатшы және шебер дипломат, өз дәуiрiнiң кемеңгер басшысы бола алды. Ел басқару екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейтiн бiрегей өнер екенi баршаға аян. Оның үстiне ел ұстаған екiнiң бiрi есте қала бермейтiнi де белгiлi ғой. Жымысқы жолмен түлкi боп тиген талайларды, көнесөз тарих бiледi. Бiрақ олардың атын бiлгенiмен, затын iлтипатқа iлмейдi. Демек, ақыл парасатына қажыр-қайраты сай, делдаллығы мен бiлiмдарлығы бiрдей, мiнезi маңғаз, жүрегi мейiрбан жетекшi ғана жұрттың жадында ұзақ сақталмақ. Мiне екi ғасырдан астам атақ-даңқы аңыз-әңгiмелер арқылы-ақ ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, үдеп бара жатқан Абылай хан осындай қайраткер болған.

Қазақ халқының екi ғасыр бойы тартқан азабының есесiне елiмiзге бақыт нұры болып төгiлген, бүкiл халық болып Тәңiрден сұраған өз сұлтанымыз келдi. Бағымызға қарай бiзге Даланың рухани һәм саяси тәжiрбиесiнiң, дестүрлi дүниетанымының мұрагерi, Абылайдан кейiн жойылған мемлекеттi қалпына келтiретiн салықалы да, кемеңгер тұлғаға бұйырды. Ол – Қазақ Елiнiң Тұңғыш Президентi Нұрсұлтан Әбiшұлы Назарбаев едi. Абылай хан салған сара жолды жалғастырушысы iспеттi.

Абылай қарулы қақтығысқа жол бермеудi әрқашан көздедi. Татулық пен достықтың туын биiк ұстады. Бейбiтшiлiктi ұстаным ету бүгiнгi Қазақстанның да негiзгi бағыты болып отыр. Оның бiр көрiнiсi Қазақстанның ұлтаралық келiсiмге қол жеткiзудегi табыстары әлемдiк қауымдастықта лайықты бағасын алып, 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуiн қамтамасыз еткен маңызды фактор болды. Заман тыныштығын, барлық халықтар мен ұлт-ұлыстардың бiрлiкте күн кешуiн ойлағаны Елбасымыздың айрықша көреген саясаты болып табылады. Себебi, қазiргi уақытта басқа мемлекеттердi қамтып жатқан көптеген саяси қақтығыстар ел берекесiн қашырып, сәбилердiң тыныш ұйқысын бұзып, елiнiң экономикасына, мәдениетiне орасан зор зардаптарын тигiзуде. Осыған орай, Елбасымыздың жүргiзiп жатқан саясаты «көреген саясат» екенiне көз жеткiземiз. Оның ел мүддесiн арқалаған игi бастамалары өз заманының алыбы Абылай хан сияқты тек қана халықтың мұң-мұқтажын, ел бiрлiгiн көздейтiн азамат екенiнiң бiр дәлелi.

Сонымен қатар, этносаралық және конфессияаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгiсi басқа мемлекеттер теңелуге тырысатын әлемдiк эталон мәнiне ие болуда. Ұлт көшбасшысы, ҚР Тұңғыш Президентi Нұрсұлтан Әбiшұлы Назарбаевтың басшылығымен жиырма жыл бойы жүргiзiлiп жатқан Қазақстанның ұлттық-мемлекеттiк құрылысы тәжiрбиесiндегi мәнгiлiктiң мағынасы осында жатыр және де Елбасы Қазақстанды мекен ететiн халықтар арасындағы татулық пен өзара келiсiм мәселесiн бiрiншi кезекке шығарды. Сондай тереңнен ойластырылған сара саясаттың арқасында Қазақстан халқы Ассамблеясы деген ерекше құрылым пайда болды. Қаймағы бұзылмаған Қазақ елi бүкiл Азияны, күллi әлемдi өзара сенiмге, ынтымаққа шақырып отырған алдыңғы қатарлы мемлекеттердiң бiрiмiз. Отанымыздағы өзге ұлт өкiлдерiнiң келiсiм мен бiрлiкте тұрмыс кешуi, ең алдымен, қазақ халқының ата дәстүрi мен табиғи кеңпейiлдiгi, ұлттық дiлiнiң кеңдiгi арқасында екендiгiне дау жоқ. Халықтың келiсiмiн сақтап қалу, қо-

ғамның барлық күш-әлеуетiн бiр мақсатқа жұмылдыруды көздеген Президентiмiздiң сындарлы да салықалы саясатының арқасы.

Абылай иiсi қазақтың қолдауына ие болды. Жыраулардың айтқанына қайраткерге тән кеңдiкпен, түсiнiстiкпен қарады. Елбасымыз да халық қолдауына ие. Елiмiзде көппартиялық жүйе орнады, сөз бостандығына еркiндiк берiлдi. Ұлт Көшбасшысының демократия құндылықтарына мән беруi дала дәстүрiнiң жалғасы. Абылай хан көп қырлы саясат жүргiздi. Аждаһадай ысқырған – Цин империясы, аюдай ақырған – Патшалы Ресей мемлекеттерiнiң тiлiн тауып, қазақ елiнiң iс-жүзiнде елдiгiн, ұлан-ғайыр жерiн сақтап қалды. Шығыстың мұсылман мемлекеттерiмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Қазiргi Қазақстан дипломатиясы Абылай тұсынан әлдеқайда кең ауқымды қамтылып, ел болашағына қатысты стратегиялық ұсыныстарға ұласып отыр.

Қорыта айтқанда, Қазақ ханы Абылай да, Қазақстан Республикасының Президентi Нұрсұлтан Назарбаев та Батыс пен Шығыстың ортасында қоныстанған қазақ халқының маңдайына бiткен жарық жұлдыздары. Екi кемеңгер де Шығыс пен Батыс арасында бiтiмшi, бейбiтшiлiк ұстанушы, барлық әлем халықтарының әдет-ғұрпын, салт-санасын сыйлаушы, туған халқының зайырлы һәм рухани дәстүрлерiн құрметтеушi қайраткерлер. Қазақ халқының басқа халықтармен терезесi тең дамуы үшін жан аямай арпалысқан перзенттерi, елiнiң тыныштығын ойлаған, ырыс-ынтымағы тасыған, өркендi дамыған, ұлттар арасындағы татулық пен бiрлiктi ту еткен дарынды да дара ұлдарының болғандығын және бар екендiгiн мақтан етеміз. Есiмдерi аңызға айналған Абылай мен Нұрсұлтан деген ат тәуелсiздiк, бостандық, бiрлiк, өрлiк, азаматтық, мемлекеттiк тәрiздi ұғымдармен бiрге айтылатын болды.

Айдана Әбухасен,
С.Торайғыров атындағы ПМУ
сәулет-құрылыс факультетiнiң
2 курс студентi

ТҰҢҒЫШТАР ТҰҒЫРЫ

НӘЗІКТІГІМЕН ҚАЙСАРЛЫҒЫ ҰШТАСҚАН

Білім – бақытты болашақтың негізгі қақпасы. Төрткүл дүниені танып, өзге ұлттардан биіктеу болу үшін білім қажет екенін қазақтың тұңғыш дәрігер қызы Аққағаз Досжанова ерте жастан ұғынды. Биыл қазақтың аяулы қызының туғанына тура 122 жыл толып отыр.



Талапты қыз Торғай облысы, Ақтөбе уезі, Бөрті болысының 5-ші ауылында дүниесігін ашты. Ана махаббатынан ерте айырылған қыз ағасы Сағындық Досжановтың тәрбиесінде болды. Болашағына үнемі бағыт-бағдар беріп, ақыл-кеңесін айтқан осы Сағындық ағасы. Жастайынан нәзіктігімен қайсарлығы ұштасқан өжет қыз 1914 жылы Орынбордағы әйелдер гимназиясын бітірді.

Қазақ қызының қуанышына шынайы қуанған жұртшылық «Оренбургский вестник» газетінде Аққағаз Досжанованың білімге құштарлығын жазады. Аққағаз осымен тоқтап қалған жоқ. Халқыма адал қызмет етемін, мықты дәрігер боламын деген үлкен арманмен медицина мамандығы бойынша білім алуға Мәскеуге барып, медицина курсына қабылданады. Оқуда озат болып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан Аққағаз Досжанова қазақ зиялылары 1917 жылы ұйымдастырған татар слободасындағы медреседе өткен бас қосуға қатысып, мұсылман елдерінің азат болуы туралы баяндама оқиды.

«Дені саудың жаны сау» – деген мақалды дәрігер қыз жақсы ұғынғанымен халықтың жағдайын ойлаймын деп жүргенде өзі де дертке шалдығады. Содан талапты қыз туған елге бару керек екенін түсінеді. Аққағаздың ойында үнемі мықты дәрігер болу үшін көп оқып, мол тәжірбие алу керек екенін түсініп жүрді. Біраз емделдегеннен кейін Томск медициналық университетіне оқуға түседі де, 1921 жылы Ташкенттегі Түркістан халық университетінің медицина факультетіне ауысады. Ол оқуды және жұмысты қатар алып жүрді. Талапты қыз ординатор-дәрігер болып қызмет ете бастайды. Көп адамдардың дертінен айығудың жолын іздейді.

Айта кететер жайт, Аққағаз Досжанова медицинамен айналысып қана қоймай, жалпыұлттық, әлеуметтік тақырыптарда «Әйел теңдігі», «Жас азамат», «Абай» атты публицистикалық басылымдарда мақалалар жазды. Осы мақалалар арқылы ол ұлттың жағдайына неміс-райлықпен қарамайтынын дәлелдеді. Университетті тәмамдаған сәтте қазақтың асыл азаматтары өте қатты қуанды. Оның университетті бітіруі салтанатты түрде мемлекеттік деңгейде аталып өтті.

Ал 1922 жылы 14 желтоқсанда Түркістандағы Орталық Азия университетінде оқып жүрген жергілікті ұлт қыздарына А.Досжанова атындағы стипендия тағайындалды. Жұмысына тиянақтылықпен қараған Аққағаз Досжанова пана-сыз балаларды қамқорлығына алып, олардың денсаулықтарына жіті назар аударуға тырысты және ата-атаның қамқорлығынсыз қалған балаларды балалар үйіне орналастыруға атсалысты.

Жақсы дәрігер болу үшін терең білім, мол тәжірбиемен қатар ақ жүрек қажет. Жүрегі ақ адамдар ғана нағыз дәрігер болады. Аққағаз Досжанова өмірінің соңғы сағатына дейін «ақ халатты абзал жан» деген сөзге кір келтірмеуге тырысты. Дәрігер қыз қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешті. 39 жыл жасаған қазақтың тұңғыш дәрігер қызы барлық қазақтың аруларына үлгі болып қалады.

Назгүл РАБИЛОВА

ЖАУЛАРЫ ЖЕР ШАСТАНҒАН ЕР

Жасыбай

«Ел болса ер туғызбай тұра алмайды» дейді қазақ. Ел басына күн туып, жау жағадан алғанда, қазақ елі өз ішінен арыстан жүректі, сом білекті небір қабылан қаһармандарын шығарды. Сондай батырлардың бірі, өңіріміздің тумасы – Жасыбай Өмірұлы.

Тарихи мағлұмат

Жасыбайдың әкесі – Өмір от ауызды, орақ тілді шешен адам болған. Анасы – қазақтың атақты батыры Олжабайдың әпкесі. Шежіре деректерінде батырды «Олжабайдың жиені» дейтіні де содан. Жасыбай екі ағайынды болған, інісі Байсары да жоңғарларға қарсы күресте ерлігімен көзге түскен белгілі батырлардың бірі.

Жасыбай Өмірұлының ата-тегін тарату да әртүрлі пікірлерді кездестіреміз. Оны Сүйіндіктен, Қаракесектен, Бәсентиіннен тарататын шежіре нұсқалары бар. Ғұлама тарихшы Өлкей Марғұланның тұжырымдауы бойынша, Жасыбай Олжабайдың әпкесінен туған жиені болып келеді. Ал жеті атаға дейін қан араластырмау заңы сақталған сол заманда нағашының жиенді бір рудан алу мүмкінсіздігін ескеріп, Жасыбайдың Сүйіндіктен шыққаны жоққа шығарылады. Қаракесек шежірелерінен де Жасыбай есімі ұшыраспайды. Ал жұртқа мәлім Бәсентиін шежіресінде: «Бәсентиін – Бисен – Матай – Өмір – Жасыбай», деп тарқатылады. М. Жүсіп те өз шежіресінде осы үлгіні қолдайды.

ты Қазыбек бидің баласы Бекболат кісі жібереді. Орны толмас қазаны естіп, қабағынан қар жауып өкінген батырларға Бұхар жырау төгілген жырмен көңіл айтады. 160 жолдық бұл жырда Бұхар жырау батыр қазасы туралы былай деп толғайды:

*Кешегі өткен Жасыбай,
Көкше шақпақ тасындай.
Сууы қатты сом болат.
Өмірі өтті жасымай,
Дем таусылып, дәм бітсе,
Аялына қарай ма?
Әзелде жазу осылай.
Тыңда мені Абылай!
Тақта отырып арымай,
Болар істің қамын қыл,
Жадырап шілде жазындай... –*

деп, Абылайға қарата сөз тастайды.

Олжабай батыр бастаған қалың қол «Қаражорға» күйімен Сарыарқаны күңіренге суыт жүріп, Жасыбай қазаға ұшыраған жерге келеді. Қара шашын жайып сап, қара жамылып еңірген жас ананы, оның құшағындағы



Ер елі үшін туады, елі үшін өледі

XVIII ғасырда қазақ-жоңғар қатынастарының шиеленісе түскен кез екені баршамызға мәлім. Осы тұста жоңғарлар қазақ жеріне дүркін-дүркін жасаған шабулы елді есенгіретіп, әбден титықтатты. Ұлан-ғайыр қазақ даласы қан жұтып, қайғысынан қара жер күңіренген зұлматқа толы заман еді. Бірақ қанша жантүршігерлік күйзеліске түссе де, қазақ халқының ер азаматтары жаудан жасқанып, бас сауғаламады. Олжабай, Бөгенбай, Малайсары, Жасыбай сияқты батырлармен жоңғарларға қарсы шықты. Бұл батырлар жауға қарсы күрестің ұйытқысы, ерен күші болды.

Ел қамы, халық үмітін жігерлендірген Олжабай батыр Ақтау, Ортау, Қоянды, Қарқаралы өңірлерінде жауға қарсы шабуылға шыққанда Жасыбай батыр бастаған қол қалмақтың Ежен ханы орда құрған Баянауылды азат етуге аттанады.

Тарихта Бәсентиін Жасыбай мен Сүйіндік Олжабай батырлар жүргізген бұл соғыс туралы әр түрлі пікірлер кездеседі. Қазаннан 1907 жылы басылып шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында М.Ж. Көпейұлы батырдың Қызылтау бауырында жер үшін болған шайқаста оққа ұшқандығын мәлімдесе, Ө.Х. Марғұлан еңбегінде 1741 жылы Баянауылда болған шайқаста Олжабай, Жасыбай жасақтары Жоңғарларды талқандайды. Жасыбай жасағы Ақкелін, Көкдомбақ тауларының түбінде қалмақтың он мың қолдық негізгі күшін күйрете жеңеді. Жасыбай жау тосқауылдарын бұзып-жарып Шойындыкөл тұсындағы асудан асады. Тауға шығып жан-жағында жау көрінбеген соң, бір тынығып алмақ болады. Осы сәтті пайдаланған жоңғардың Құба мергені көздеп тұрып садақ тартады. Аңғал батыр құлап түседі, басын қайта көтереді де, әскеріне мынадай өсиет айтады: «Ердің құнын Олжабай жоқтасын, басыма Малайсары белгі орнатсын, артында қалған жетімдерге қарт Бөгенбай көз салсын...», – деп ер Жасыбай көз жұмады.

Бұл кезде Олжабай, Бөгенбай, Малайсары батырлар жауды өлтіре жеңіп, үлкен той жасап жатыр еді. Оларға Жасыбайдың қазасы жайында хабар беруге Қаз дауыс-

Батырдың ұрпақтары

Батырдың ұрпақтары жайында деректерді өлкетанушы Дәурен Аяшиновтың «Жасыбай батыр ұрпақтарын іздестіреміз!» атты мақаласынан кездестіреміз. Онда Жасыбай батырдың шежіресі былай тарқатылады: (Бәсентиін – Ақмайдан – Көкшекөз – Кержолымбет – Байымбет – Бейсен – Матай – Өмір би – Жасыбай батыр). Одан әрі батырдың әке жағынан тараған ұрпақтарын С.Жақсыбаевтың зерттеулері арқылы береді. (Жасыбай батыр – Бұлдырық – Бесжан – Иса – Ыдырыс (ағасы Қайбол) – Нүрке – Қайыркен). Серік Имантайұлына бұл ақпаратты батырдың ұрпағы марқұм Қайыркен Нүркеұлы берген екен. Осыдан кейін әке жағынан ұрпақ жолы үзіледі. Батырдың басқа ұрпақтары туралы мәлімет ешбір тарихи деректерде кездеспейді. 1835 жылғы санақта Матай – Өмір бөлімшесінде Жасыбайдың екі немересі – Бесжан Бұлдырықов пен Шабар Бұлдырықовтың есімдері жазылған. Мұнда, сондай-ақ, Малайдар

бай Шабаров бар. Одан әрі Баянауыл округінің таратылуына байланысты салық жинау жүйесі өзгереді, «ясак», яғни салық санағы жабылады да, «Киізүй басы» жинағы жеке бас деректерінсіз толтырылады.

Кеңес Өкіметінің (1920-1922 ж.ж.) алғашқы басқару жылдарында көптеген құжаттардың жойылуына байланысты 1897 жылғы жүргізілген санақ қағаздарын табуға мүмкіндік болмаған. «Павлодар уезі. 1903 жыл. Қырғыздардың жер пайдалануы жөніндегі материалдарында» Иса Бесжановтың «Түбек» мекенінде (Алтыбай болысы, №6 әкімшілік ауылының құрамында) орналасқан ауыл басы болған.

Жоғарыда айтылған себептер бойынша құжаттардың жоқтығына қатысты Қырқынбай Шабаровтың балалары анықталмады және 1870-1920 жылдар аралығындағы басқа да генеологиялық мәліметтер табылмаған.

Павлодар облыстық мұрағатынан және 1926 жылғы Алтыбай болысының №3 ауылының тұрғындар тізімінде Иса Бесжановтың немерелері Нүрке Ыдырысов пен Бәстем Қайболовтар тұрған деп жазылған. Осы адамдардың бірі Қырқынбай Шабаровтың ұрпағы болуы әбден мүмкін. Мұрағат материалдарының арқасында бүгінде батырдан тараған екі ұрпақты анықтадық. Бұлдырық – Шабар – Қырқынбай және Бұлдырық – Иса – Қайбол – Бәстем (інісі Сәттар) – Қизат, Қамал. Енді олардың 30-шы аштық жылдары, соғыс жылдарында аман қалып, осы күндері олардан тараған ұрпақтың табылуына үміт арттамыз-деп жазады Дәурен Аяшинов.

Елім деп өткен ер Жасыбайдың өмірі ерлік пен жұмбаққа толы. Оның туған жері, жылы өлі де болсын белгісіз. Артынан тараған ұрпағы қазіргі күнде бар ма, жоқ па ол да беймәлім. Бүгінгі таңда қазақ елі тарихын қайта жазып, бұрын-сонды айтылмаған көптеген тарихи деректер жарияланып жатыр. Қазақ тарихшылары шетел деректерінен тарихымызға қатысты тың жаңалықтарды енгізуде. Алдағы уақытта сол тың деректердің ішінен Жасыбай батырға қатысты мәліметтер табылса, нұр үстіне нұр болар еді.

Мәдениет СҮЛЕЙМЕНОВ

Тарихта Жасыбай батыр жайлы жазылған деректер өте аз. Батыр жайында мағлұматты біз қазақтың ғұлама шежірешісі М.Ж.Көпеев және орыс этнографы әрі тілшісі Н.Я.Коншиннің жазбаларынан, халық ауында сақталған аңыз әңгімелерден, батырдың өзіне шығарылған авторы белгісіз «Ер Жасыбай» дастанынан кездестіреміз. Қолда бар деректерге сүйенсек, Жасыбай батыр XVIII ғасырда өмір сүрген. Орта жүз құрамындағы Арғын тайпасынан шыққан, Бәсентиін руынан. Олжабай батырдың жиені. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінде ерекше рөл атқарған ірі тұлға.

балғын бөбекті көргенде Олжабай батыр былай деген екен:

Келінжан, ақ маралым, есінді жи, қазаға сабыр қылып, жасынды тый. Ер ел үшін туады, елі үшін өледі. Қара жерге кіргенше қанын іздеймін боздағымның!

Қалың қол қайыса аза тұтып, Жасыбай батырдың сүйегін арулап жартасты таудың төбесіне қояды. Олжабай, Бөгенбай, Малайсары батырлар қабір басына белгі ретінде үш түп жас қайың егеді. Сол жер Жасыбай асуы аталады. Үш батыр Шойынды көлді ескерткіш ретінде Жасыбай көлі аталсын деп ұйғарады. Содан бері Жасыбай көлі аталады.

Жасыбаев, Астаубай Малайдаров және Шаңқылы Жасыбаевтар бар. Қолда бар мәліметтерге қарап, олардың Жасыбай батырдың немерелері немесе ұлдары екенін анықтаудың реті келмеді – деп жазады мақала авторы.

Кейінгі 1848 жылғы санаққа Жұрын Шаңқылин мен Иса Бесжанов қосылған.

1854 жылғы құжаттар бойынша Иса Бесжанов – Матай – Өмір бөлімшенің

старшинасы. 1866-

1869 жылдарғы санақта

Қырқын-





СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

Кенжетай Айманов:

Басқа балаларша артық ойнау, былғану, күлмен ойнау онда жоқ

Жасында Сұлтанмахмұттың маңдайында кекілі болды, білмеген адам оны әйел деп қалушы еді. Бетінде шешектен қалған бұжыр дағы бар сарғыш бала еді. Інісі Бәшен Шоқытқа тартқан. Сұлтанмахмұттың нағашысына тартқан деуші еді. Шоқыт Қарауыл еліне көшіп келіп, Бибішке үйленгеннің келер жылы тастан, топырақтан қалап, Торайғырға қараған жер шетіне жалғыз қыстап, үй салып алды.

Осы қыстауға бірнеше жыл қыстады. Оған қажымады, «жалғызбын» демеді, Сұлтанмахмұт пен Бәнешті өзі оқыта бастады. Өйткені аздаған арабша хат танитыны бар

еді. Жаз ел жайлауға көшкенде, әйелінің жақыны, Жақсылықтың баласы Тортай деген «балаларымды оқыт, сабақ бер» деп қолына ұстады. Тортай домбырамен өлең айтатын, арабша бәйіт айтатын еді. Біздің ауылда да молда бар. Ауыл арасы жақын, бізді Жұмат оқытады. Бірақ біз қой өрісінен барамыз. Ұйқымыз келіп қалғып отырамыз, түк ұқпаймыз. Шоқыт олай оқытпайды, балаларының ұйқысы қанған соң асын беріп, сонан кейін оқытады.

Тортайды бір-ақ жыл ұстады. Одан кейін Садуақас молдадан бәріміз бірге оқыдық. Біз бұрын хат таныдық. Мына екі бала кеш,

бірақ бір айтып берген сабақты Сұлтанмахмұт жаттап алатын болды. Шоқыт балалары өсе бастағанына өте қуанышты еді. Балалары не тілесе, соны орындап тұрды.

Өскен сайын Сұлтанмахмұт адамға жақын, жуас, бет-пішіні сүйкімді, жылы жүзді болды, өгей шешеге еріксіз жақты, өзінің ішінен шыққан баладай болды, басқалығы болмады. Сұлтанмахмұт қызықты бала еді: басқа балаларша артық ойнау, былғану, күлмен ойнау онда жоқ, қолы-басы таза. Көбінесе жұрт осы тазалығын ұнатады.

1941 жыл, 20-25 наурыз

С.Торайғыровтың немере інісі Шәймерден Торайғыров:

Әдемі, толық, жылауды білмейтін сүйкімді бала болатын

Сұлтанмахмұттың анасы Зүппен-Қарауыл еліндегі Жадайдың қызы. Менің әкем Қожахмет пен Сұлтанмахмұттың әкесі Әбубәкір елден көшіп кетіп, жезделері Өнепияны сағалап Шабан-Шаншар еліне барғанда, Өнепиядан пәлендей жақсылық көре алмай, оның жылқысын бағады. Өнепияның жылқысын бағып жүргенде Меңіреуді қыстайтын Оспан ауылы Әбубәкірдің салығы болады.

Зүппенді – Әбубәкір (Шоқыт) жиырма жасында алған. Төрт жылдан кейін Зүппен екіқабат болып, 1893 жылы қысқа салым Меңіреуде Сұлтанмахмұтты туады. Сұлтанмахмұт жасында әдемі толық, жылауды білмейтін сүйкімді бала болады. Жұрт оны қолдан-қолға түсірмей еркелетіп, өзін Мақыш деп атайды. Сұлтанмахмұттың өзі де есейгенге шейін өзін Мақышпын деп жүреді. Тек 1911 жылы ғана, бірінші рет Сұлтанмахмұт деген толық атын қойды.

Зүппен Сұлтанмахмұт туғаннан кейін екі жылдан соң Бәшенді (Байқоңыр) көтереді. Ол туғаннан кейін 4 айдан соң, 27 жасында, екі қарғасының қызығын көре алмай, Зүппен жастай қайтыс болады. Бұдан кейін Шоқыт пен Қожахмет Қарауылдан өз елдеріне – Баянауылдағы Сүйіндікке көшеді. Шоқыт Торайғыр көлін қыстап отырған Дұржанның қонсысы болады. Дұржанның Қожахметтен басқа балалары ол кезде үйленбеген еді. Сұлтанмахмұт екі-үш үйдің арасында жүгіріп жүрген жалғыз бала болатын. Ол Дұржанды «әке», Дарманды «әже» Жұматайды «апа», Қожахметті (менің әкем) «Қожақай» дейтін.

1960 жыл, 15 маусым

Айман Зейнулина, ф.ғ.к., профессор, С.Торайғыров атындағы ПМУ «Қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі

С.Торайғыровтың жеке өміріне қатысты қандай тың дерек білесіз?

1920 жылы 19 мамырда төсек тартып жатқан ақынның көңілін сұрай Ж.Аймауытов келеді. Бұл кезде ол Семгубревком мүшесі еді. Павлодарға жүрерде оған РК (Б) П губбюрорсының және губаткомның төрағасы Гавриил Васильевича Жагирев Ақбеттаудағы Сұлтанмахмұттың хал-жайын егжей-тегжейлі біліп келуді тапсырады. Жагирев ақынды бесінші Армияның алдыңғы бөлімдері 1919 жылы 1 желтоқсанда Павлодарды азат еткен кезден білетін. Қыр қазақтары атынан Қызыл Армияны құтқай келген ақынмен жақын танысып, ұзақ пікірлескен еді. Енді Жагирев оны партия-кеңес жұмысына қатыстыруға құштар болды. Бірақ ақынның меңдеп қалған ауруы Жүсіпбекті ол ойынан қайтарады. Ертеңіне 20 мамырда сәскеде ақынның жазылуын тілеп аттанып кетеді. Сұлтанмахмұт: «Мен аурумын, жазылуым екіталай. Енді сен өкіметсің. Мыналарды кітап қылып шығар!», – деп, қолжазбаларының даяр тұрғандарын беріп жібереді. Осы кезде Қазаткомның

саяси хатшысы Смағұл Сәдуақасов Омбы арқылы Семейге келген болатын. Ондағы мақсаты Семей губернесін Батыс Сібір басқарушылығынан Қазақстан қармағына қабылдауды іске асыру еді. Жүсіпбек қолындағы Сұлтанмахмұт шығармаларының біразын Сәдуақасовқа, жеке кітап етіп бастыруды өтінеді. Сәдуақасов Орынборға келсімінен Қазанада қазақша кітап бастырып шығарумен айналысатын Бернияз Күлеевке тапсырады. Осылайша, 1922 жылы «Адақсан өмір» жарық көреді. Жүсіпбектен кейін Сұлтанмахмұт шығармаларын жинаушы Мұхтар Әуезов болды. Ол ақынның «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдары мен қырықтан астам өлеңдерінің қолжазбасын сақтап алған.

Жүсіпбек пен Мұхтар Сұлтанмахмұт рухы алдындағы інілік парыздарын қалтықсыз орындады. «Екеуі» деген лақап есіммен «Абай» журналының 1918 жылы 5 нөмірінде «Абайдан соңғы ақындар» атты мақала жариялап, онда Сұлтанмахмұтты адам сезімі-

не ерекше әсер ететін сыршыл ақын деп бағалады. Сұлтанмахмұт шығармаларының біразы Шернияз Ыдырыс қажы ұлы Аймановтың қолында болған. Сұлтанмахмұттан 9 жас үлкен, бай Шернияздан әрлі-бері қашып көшіп жүргенде Сұлтанмахмұт пен Мәшһүр Жүсіптің қағаздары салынған шабаданды Тарбағатайда біреуге қалдырып жоғалтқан. Сұлтанмахмұттың біраз өлең қағаздары ақын қайтыс болған күні Шайбай Алпас ұлы Аймановтың қолына түседі. Өлікті оң жаққа қойған кезде Шайбай Сұлтанмахмұт төсегінің, киіздің астынан буда-буда қағаздарды жинап алған. Бұлардың да тағдыры белгісіз болып қалды. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының мүшесі болып, оның семейлік съездеріне қатынасқан Шайбайдың өз басы саудаға түсіп, ештеңеге ие бола алмайды.

Кезінде Сұлтанмахмұттың отызға тарта өлеңі әнге айналған екен. Ақынды даттау науқаны тұстарында айтылмай қалғандықтан, кейін ұмыт болған.

СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ ЖАЗҒАН ХАТЫ

Ол кісі ешкімді шетке қаққысы, ешкімнің көңілін жыққысы келмеді.

«Айқап» қызметінен босағалы мен Жиһанша мырза Седалинидің маңында жүрмін. Ол кісі кейбір журналистермен, атбекеттермен бірігіп, «Заман» деген журнал шығармақшы, мені соған шығарушы қылмақшы. Шыға қойса, бұл өзі халқымызға бір игі болар еді.

Осы игіге бола мен кейінгі кезде әркіммен араласып, түрлі жолға түсіп, өзімді әр жөнде сынап жүрмін. Қара борандатып, сізді біресе қорқытып, біресе қуантып айтсам ол былай:

Бірде Махмұт жігітшілік базарына түсіп кетті. Онда да саудасы жақсы жүріп, арғы шетіне барып тоқырады. Тағы Махмұт ақ жағалы, тыртима өмірге де өте қызықты. Құдайдың берген бір түрлі таланты бұған да араласты. Жамандық дегенде, компаниян тұрмысында болды. Ресторон, клуб, тағы кім... хулиган тұрмысына дейін барды. Жақсылық дегенде, ителлеген журналист жұртты аузына қаратушылық әкімдер юристер тұрмысына дейін болды. Жақсылық, жамандық өміріне түгел араласқанда Махмұт неден кемдік көрді, неден бармағын тістеді, неден жүзі қызарды. Егер оқыған болса, орысша білген болса сол араласқан өмірінің бәрін қолында ойнататынын сезді. Менің нақ бүгінгі түюім бойынша «Заман» журналы шықпайды. Енді мен ауылға қайтам, ұзамай барам үйде болам. Жаздай ауылда жүріп, қаржы тауып алып, күз тағы бір жағына оқуға кетем, орысша оқимын.

Оллаһи, ант етемін Алла атымен
Орыс тілін білемін һәм хатымен.
История, жағрафия пәнді білмей
Оллаһи тірі болып жүрмеспін мен.
Аман болыңыз. Апама сәлем.

Балаңыз Сұлтанмахмұт
(Б.Кенжебаев. «Асау жүрек»)

Шын досым, шыбындай жаным Шәйбай!

Мен қазір Троицкіде жүрмін. Мұнда оралғаныма бір-сыпыра уақыт болды. Өзіңді қатты сағындым. Келісімен саған хат жазам ғой деген едім, жаза алмадым. Себебі дереу орысша оқуға түсу өрекетіне кірісіп кеттім. Олай-бұлай мойын бұруға шамам болмады.

Бірақ онан ештеңе шықпады, оқуға түсе алмадым. Қайда барсам алдымда Қорқыттың көрі тұрды. Біріне жасым тура келмеді, біріне білімім жетпеді, кісі жалдап оқуға қол қысқа: өзіңе мәлім, баяғы кемтарлық. Әбден дал болдым.

Ақырында ақылым алтыға, ойым онға бөлініп, оқу деген ежелгі қуған жоғымды, уақытша қоя бере тұрып, редакцияның қызметін алдым қолға. Яғни бұл күнде «Айқап» редакциясында соның хатшысы болып істеп жүрмін.

Ауылда жаздай қаламға онша айналмадым. Көптенкөп бала оқытумен, кітап оқумен ғана болдым. Қалған уақытта өзімді-өзім күттім. Қазір бір қос сауыққанда, тыныққан да сияқтымын, бойым сергек, көңілім көтеріңкі.

Амандық болса, енді біраз жұмыс істеймін. Көңілімде жүрген біраз ойларым һәм жинаған кейбір мәліметтерім бар. Соларды жазам. Жазғандарымды құрап, бастатын кісі тауып соған ұсынып қараймын...

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға, Ризамын не көрсем де осы жолда. Шаршармын, адасармын, шалдығармын Бірақ бір табамын деп, көңілім сонда! Менің ендігі бет алысым, қыр соңына түсіп қуатын жолым осы. Сапар сәтті болсын дейміз. Аман көрісейік.

Сұлтанмахмұт
(Б.Кенжебаев. «Асау жүрек»)

Ардақты Шоқа!

...Мен «Айқап» редакциясынан шықтым. Әрине, неге шықты дейсіз ғой. Кездескен таныс-білістің бәрі сұрайды. Соларға беріп жүрген жатталған жауабым бар. Соны сізге де айтуға тура келеді. Ол мынау: Басқарма ішінде, журнал бетінде айтыс-тартыс көбейді. Олар жөнінде менің өз ой пікірім болды. Мен өз пікірімді дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамадым. Балаңыз кейбір кісілердің көңіліне қарайтын адам. Сондықтан келісе алмадым.

Журнал бетінде мен үлкен кісілеріміздің бірін қураншы, екіншісін ойбайшы, үшіншісін итаршы деп атадым. Мұхамеджанға бәрінен бұрын осы ұнамады.



Оразбек САХАТ,

С.Торайғыров атындағы ПМУ гуманитарлы-педагогикалық факультетінің 1 курс студенті

Туған жер – алтын бесік

Туған жер арқау әніме,
Арқау ғып барам әріге.
«Алтын құрсақ», «алтын бесік»
Жарасар саған бәрі де.

Қойыңда жүрсе сыр тұнған,
Армандар туар бұлқынған.
Далаңа аяқ басқандар,
Даналыққа да ұмтылған.

Қимастық сезім қарқындап,
Күн сайын артар нарқың нақ.
Бір тасыңа да жетпейді
Хан астындағы алтын тақ.

Жырымды арнасам бұрқаған,
Түсінбес бәлкім сырт адам.
Мен түгіл күнің өзі де,
Сағына атқан қырақадан.

P.S. Туған жер деген ең асыл,
Санаға жетсе кеш ұғым,
Жасарсың сен де кешірім.

Ұйықтап келіп өзінде,
Ашып ем өмір есігін,
Кіндігім тауып кесімін.

Ұйқыға кетсем оянбас,
Тағдырым жасап шешімін.
Өзіңнің тағы,
Өзіңнің мәңгі бесігім.

Мектеппен қоштасу

Уақытта болып па еді теңдік тұғыр?!
Мамыр кеп ед көңілде шер бітті бір.
Қоштасатын сәт келді.
Бірақ, бірақ...
Қаңырап қалатындай мендік ғұмыр.

Алғаш тулап шабытым кеше менің,
Өлең болып жатып ед дос өнерім.
Оқушылық соңғы күн – бүгінгі күн.
Оқушылық ең соңғы – осы өлеңім.

Қадіріңе жете ме желікпе адам?!
Соңымнан қарайсың-ау сеніп маған.
Сенен жинап балалық қазынамды,
Базарыңа өмірдің еніп барам.

Орнымызды келер қыз бен ұл басады.
Шәкірттер қабылданар тым жас әлі.
Ал бірақ, сіңіп кеткен, кеудемдегі
Мына сенің орныңды кім басады?!

Қия алмайды ұлың мен қызың жылап.
Жанардан жас ыршиды жүзін бұлап.
Ең тәтті сәттерімнен белгі қалған,
Жер бетінде тек өзің – қызыл жұмақ.

P.S. Ұғынбаған тұсымды толықтырып,
Оқуға жатқанымда салып құрық,
Баламын ғой, сабақтың қоңырауы
Кей кезде жіберетін жалықтырып.
Амал не?!

Сені енді еске аламын
Жүректің қоңырауын
соғып тұрып!
25.05.2014

Мұқағалиға

Сарқыты едің кешегі
дана шалдың.
Қара өлеңнің
алдында аласардың.
Поэзия көгінде
қалықтадың,
Қанат беріп
Қарасаз қара
шалғын.

Өлеңіңе, таға алмас сөзіңе мін.
Хас өлеңді тек сенен сезінемін.
Қарасаздан түлеген пенделерден,
Қарасы озған мұзбалақ өзің едің.

Тағдырыңда таңдап ең жолды дара.
Болмысыңа бас иер бар ғұлама.
Қазақтың қасиетімен сен сусындап,
Ел сусындап жүр бүгін мол мұраңа.

Бейнесі сенде еді шын ғашықтың.
Мұныңа құлақ асты тыңдасып кім.
Бітімің бөлек болып жаралған соң,
Талайлар шыға алмаған шыңға шықтың.

Сен үшін байлық та өлең, білім де өлең.
Өлеңмен мұңайып ең, күлімдеп ең.
Арман болып қалады өзгелерге,
Енді сенің шыңыңа шығу деген.

?-ға

Аппақ қар жаулық боп далаға.
Ақ сезім тудырап араға.
Деп ойлап: бір амал бола ма?
Мен келдім бірінші параға.

Дағдылы отырсың қиылып.
Бойыңа сұлулық құйылып.
Дәл сенің жаныңа жайғастым,
Тәлімгер апайым бұйырып.

Қасында отырмын бұқпалап.
Берілген сұрақты тықпалап.
Сұраған боламын өзіңнен,
Жауап та қатпайсың тік қарап.

Қатты аңсап қалыппын бұл күнді.
Бұл күн де туарын кім білді?!
Өңгімең бітпеді-ау ар жақта,
Дәл жаңа көргендей құрбыңды.

Шарасыз күйдемің ашынған.
Жай күнде жерім жоқ тосылған.
Мең-зең ғып күлкіңнің сыңғыры,
Кеткім де келмейді қасыңнан.

Сөз қылып тұрғанды-жүргенді,
Бітіп ең.
Тоқтаттың күлгенді.
Сен маған назар сап болғанша,
Қоңырау соғылып үлгерді!

ОЙТҮЙЕР

Назгүл РАБИЛОВА

Нұрқаннаттың інілеріне хаты

Бала күнімнен «жоқ» деген сөзді білмедім. Мектепті жаңа бітіре салып, өз бетімше жұмыс істеуге талпынбадым. Ал қатарластарымның көбі сенбі сайын өздерін асырау үшін жүк тасушы болып істегендерін көрдім. Сол кезде менің санамда мыналардың ата-анасы қалайша баларын осылайша жұмыс істетіп қояды? – деген сұрақ жүретін. Мен түнгі клубтарда асыр салып жүргенде, менің таныс балаларым түні бойы сол жерде даяшы болып істеді. Ал менің олардан әнім бөлек еді. Жыл сайын курорттарға барып, құмар ойындар ойнадым. Ел-жерді аралап жүргенде, ауылдың топырағын да ұстап көрмеппін. Біреулер ауылға барамын, шөп жыртып, отын әкелсе, мен үшін ақша шашу тұрақты жұмысыма айналды.

Менде ақша болды, ата-анам жанымда болды, «Не ішемін?», «Не киімін?» – деген сұрақтар мазалаған жоқ. Алайда, мен өзімді іштей бақытсыз сезінетінмін. Тіпті, үйі жоқ адамдарға да қызықтым, ақшасы жетпеген достарыма қарап аң-таң болатынмын, өз жағдайларын жасап, тырмысып жүрген адамдарға мен қызыға қарадым. Менде қайғы да болмады. Өмірге келген сәтімнен бастап мен барлық мәселелерді оңай жолмен шештім. Жылдар зырғыған сайын менің өз қолыммен жасаған дүниелерім мүлде жоқ екенін түсіндім.

Адамның басына күн туған сәтте ғана көп жайттарды ұғынады екен. Оқу тәмамдаған сәтте мен бір келісім-шартпен жұмысқа қабылдандым. Жұмысым жемісті жүріп жатты екі жыл-


дан кейін басшылық қызметке дейін қабылдандым. Бір мекемені басқаруда оңай емес екенін сол кезде түсіндім. Менің қарамағымда Сәкен деген жігіт болды. Көп жағдайда білмегенімді Сәкен маған айтып отыратын. Іс-сапарларға кеткенде барлық жұмысымды Сәкенге тапсыруды әдетке айналдырдым. Себебі мен оған сенім арттым. Алайда, мен сеніп жүрген жігіт тіптен басқа адам болып шықты. Мен іс-сапарларға барып жүргенде мен үшін Сәкенге құжаттарға қол қоюға өзім рұқсатымды берген едім. Маңызды құжаттардың біріне қол қойып жіберіп, мені мекеменің басшысы қызметінен кетуге душар болдым. Сол күрделі істен кейін мені бір мекеме де жұмысқа алмады. Қолымда қызыл дипломым болса да еш адамға керек болмай қалдым. Жанымдағы досым деген жандардың өзі мен қоңырау шалғанда тұтқаны көтермей, үйлерінің есігін ашпай, «үнсіздік» деген бір аралға кетіп қалды. Сол кезде көзіме еріксіз жастар келе берді. Ал ата-анам «мені жұмыстан қуып жіберді» деп айту менің жігіттік намысыма тиетін. Сондықтан жақындарыма менің сүрінгенім жайлы айтпауға бел будым. Менің алдымда жеңемін деген бір мақсат тұрды. Алайда, неден бастарымды білмедім. Әйтеуір тура жүре бердім. Сол кезде бір апаның балық сатып тұрғанын көрдім. Ол апайға жақындап жұмыс мәселесін сұрай бастадым. Сыртқы келбетіме қарап, балық сату сенің ісің емес деген кейіп білдірді. Алайда, мен үйсіз, достарсыз, ақшасыз, жұмыссыз қалғаннан кейін ғана «Е, еркерлік сенікі, осы күнге дейін

ерке болып жүргенсің» – деп бетіме тура айттым. Бұл апайдың есімі Тұрсын еді. Тұрсын апай көп жылдан бері балық сатумен күн көреді екен. Мені жалғыз ұлы Қайсармен балық аулауға жібереді, өз үйлерінде тұрғызады және жалақымызды да ренжітпей беріп тұрды. Балық аулау мені шыдамды болуға үйретті. Қақаған аязда да тұрып, балық аулау Қайсар екеуіміздің негізгі кәсібімізге айналды. Балық шаруашылығының қыр-сырын меңгеріп алған мен енді Тұрсын апайсыз, Қайсарсыз өзімнің кәсібімді ашсам деген ой түйдім. Қайсар да, Тұрсын апай да бұл ойымды құп көріп, мейлінше маған көмектесті. Осылайша мен балық аулап, оны сата бастадым. Пәтер жалдап тұрдым. Бірақ бұл кәсіп маған көп қаражат әкелмеді. Бүкіл ақшам пәтерге төлеумен кететін.

Сосын зауытқа жұмысшы болып орналастым. Кезінде мен менсінбеген адамдар өзіме басшылық етті. Сол сәтте барлық адам бірдей екенін түсіндім. Қолым қалтырағанша ауыр заттарды көтердім. Осылайша, қиын болса да әр нәрсеге шыдауға белімді бекем будым. Қазір мен басшы болмасам да қатардағы жұмысшымын. Бірақ бақытты жұмысшымын. Себебі мен өзімдегі жалқаулықты жойдым. Бойымдағы төкаппарлықты жойдым. Кезінде ақшаны сәттіліктің белгісі деп санаған мен мандай термен тапқан нан бәрінен тәтті екеніне көзім жетті.

Жылдар өте шаңырақ көтердім. Жұбайым екеуіміз несиге үй алдық. Жаратқан бізге торсықтай ұл сыйлады. Енді жастық шағымда жасаған қателіктерімді ұлымның қайталағанын қаламаймын. Өмірде ақшадан да құнды дүниелер бар екенін орта жасқа келгенде түсініп, балама адалдық, еңбек жолына тәрбиелейтін боламын. Балам «әкем айтты, әкем үйретті» деп келешекте айта алмаса мен қандай әкемін?

Сондықтан мен енді басқа адам боламын. Оңай келген жұмыстың еш қадірі жоқ екен. Асыл тас оңай жерде жатпайды. Түйгенім, дүниеге емес, рухани құндылықтарға қызығу керек екен. Ағаларың Нұрқанат.



Кітап - хан тағынан да қымбат

Әр елдің ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап.

Баспа немесе электронды кітап оқисыз ба?



Қайыржан Рымгүл,
С.Торайғыров атындағы ПМУ
2 курс студенті

Өрине қағаз жүзінде, себебі электронды түрде оқу көзге кері әсері бары барлығымызға мәлім. Ал қағаздан, яғни, кітаптан оқу өте қызықты әрі көзге электронды түрде оқығаннан пайдалы тұстары көп. Қалай десек те электронды түрде оқыған ыңғайлы. Әр адамның қалауы ғой. Өз басым кітапті қағаздан оқимын.

Қазір технологияның заманы. Сондықтан баспа кітап оқитын жастар шамалы, тіпті жоққа жақын. Кітапқа қарағанда әлеуметтік желіде отыру әдетке айналып кеткен. Қажет мағлұматты әлеуметтік желіде тез тауып алуға болады. Жалпы кітапқа қарағанда әлеуметтік желінің мүмкіндіктері көп, онымен қоса зияны да бар.

Бейбіт Ерасыл,
С.Торайғыров атындағы ПМУ
1 курс студенті

Өзім кітапты қағаз жүзінде оқимын. Жалпы негізі кітапты қағаз жүзінде оқыған жөн. Кез келген жазушы қағаз жүзінде артынан жақсы істер қалдырады. Ал электронды оқу көзге, санаға жалпы денсаулыққа зиян. Электрондық кітап оқу өзіне тәуелді қылады.



Тілейхан Мөлдір,
С.Торайғыров атындағы ПМУ
2 курс студенті



«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік», – деген Ғабит Мүсіреповтің асыл ойы өзектілігін жойған жоқ. У. Шекспир «Маған кітап тақтан да қымбат» деп өз заманында айтқан еді. Көпшілік бұл сөздерді жоққа шығарып жүр. Қазіргі заманда ғылым мен инновацияның дамуына байланысты жастар арасында әдеби кітап оқуға деген ынтасы төмендеуде.

Жаһандану заманында көркем әдеби кітаптардың да азайғаны белгілі. Байырғы заманда әр үйдің төрінде кітаптар жиналған сөрелер тұратын. Ал қазір мұндай жиһаздарды тек мұражайлардан немесе ақын-жазушыларымыздың үйлерінен ғана көре аламыз. Жарайды ол жиһаздар былай тұрсын, тіпті қазір бір отбасының өзінен әдеби бес кітап болсын тапсақ қуанышты болатын болдық! Жалпы мен кітапты электронды да қағаз күйінде де оқимын. Көбінде қағаз түрінде оқимын. Ал жолда, қандай да бір ортада болсам ұялы телефон арқылы электронды түрде оқытыным да бар. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай: «Кітап оқитын адам, ғаламторда отыратын адамдарды билейді», – демекші уақытымызды бос, құр еріншектікпен өткізгенше көп кітап оқып, рухани байлығымызды молайтайық!

Алайда, елімізде соңғы ондаған жылдар бойы көптеген телеаппараттар мен компьютердің жойқын ағынына түсіп кеткен жастарымыз кітап оқудан қол үзіп кеткені анық. Қазіргі жағдайда керек ақпарат табу үшін ғаламтор сияқты жеңіл жолдар табылып тұрғанда кітап оқуға деген құштарлық азайып кетті. Сол арқылы жастарымыздың ұлттық рухы да, сана-сезімі де төмендеп кеткені жасырын емес.

Сол себепті кітап оқу идеясын студенттерге, мектеп оқушыларына енгізген жөн. Ең бастысы – оқушыларды рухани биіктікке тәрбиелеп, рухы биік адамның иман жүзді, ізгі адам болатынына көзін жеткізу. Көркем әдебиеттің қасиеті – ол адамның ой-санасын, дүниеге, тіршілікке көзқарасын мүлде өзгертеді.

Денсаулыққа зиян

Енді мамандар зерттеулеріне сүйене отырып, бұл озық технологияларды ұзақ пайдаланудың адам психологиясына кері әсерлерін саралап көрсек. Біріншіден, шамадан тыс ақпараттар тасқыны адамды енжарлыққа душар ететін көрінеді және адамдармен еркін араласу қабілетін лезде әлсіретіп алады екен. Бұл туралы мамандар: «Өзгенің адами мұң-мұқтажын түсінбейтін, айналасындағылардың жан қиналысын сезіне бермейтін, яғни жүрегі селт етпейтін халге жетеді», – дейді. Екіншіден, «Компьютерге байлану» ауруы пайда болуы мүмкін. Осы ауруға шалдыққандар «компьютерден тыс жерде тірлік ету уақытты босқа жоғалтқанмен бірдей», – деп мәлімдейді мамандар. Санкт-Петербургтегі В.М. Бехтерев атындағы Психоневрологиялық

институтының ғалымдары компьютерге үйір болудың он белгісін көрсетіп берді. Осы белгілердің жеті немесе одан да көп белгісі байқалса, оны «тәуелділіктің құлы» деп санайды.

Компьютердің адам ағзасының физиологиялық жақтарына тигізетін зияны туралы айтпаса да түсінікті нәрсе. Дене белсенділігінің аздығы, компьютер клубтарындағы жарық, белгілі температура, санитарлық режимдік нормаларының сақталмауы жасөспірімдер ағзасының дамуына кері әсерін тигізеді. Адамды бала күнінен бастап, маңызды бір істерге, жауапкершілікке, өз өмірі үшін өзі жауап беретінін сезіндіруге дағдыландырған жөн дейді психологтар. Құмар ойын есірткіден де жаман кесепат екенін түсіне тұра, тоқтау қиын.

Пайдасы ұшан-теңіз

Ал енді кітап оқудың жақсы жақтарын саралап көрсек. Ғалымдардың айтуынша, кітап оқу – рухани жетілуге ғана емес, тән саулығына да керемет пайдалы. Медицина ілімінде үлкен мидың жұмысы бүкіл адам ағзасына тікелей әсер етеді делінген. Сол үшін де биология саласында «үздіксіз қозғалыстағы жасауша жасарып отырады» дейтін көзқарас бар.

Жақында ғалымдар кітап оқу, сурет, музыка, жазушылық секілді ақыл-ой еңбегімен шұғылданатын адамдардың жүйке-жүйесінің басқа адамдардан әлдеқайда тез дамитынын және қартайған кезде де жүйке-жүйенің шаршауы, әлсіреуі және үлкен мидың қартаюы болмайтынын дәлелдеді.

Барлық дене мүшесіне әсер ететін үлкен миды жаттықтырудың

ең тамаша тәсілі – кітап оқу. Кітап оқу – жүйке жүйесін шынықтыру, денені күшейту, әртүрлі аурулардың алдын алуда зор маңызға ие.

Кітап оқудың тағы бір ерекше пайдасы: оқу адамның жасын ұзартады. Жапония медицинасы осылай қорытынды шығарып отыр. Олардың айтуынша, ең ұзақ өмір сүретіндер – философтар, одан кейінгісі ғалымдар мен көркемөнершілер екен. Олар: «кітап оқу – үлкен миды үздіксіз қозғалысқа салады. Кітап оқып болған соң да оның адамға сыйлайтын әсері дене шынықтырудан кейінгі массаж секілді адамды рухани қалыпқа түсіріп отырады», – дейді.

Кітапты оқу адамның ойлау қабілетін дамытады. Ойлау барысында тәжірибе жинақталады. Кейін өмірде оны пайдалану жеңілдейді. Сондай-ақ, адамды рухани бай етеді. Әлемге жаңа көзқараспен қарауға итермелейді.

Оксфорд университетінің ғалымдары кітап оқу ақыл-ойды ғана емес, жан мен тәннің саулығын да арттырады деген қорытындыға келіп отыр. Әсіресе, кітап оқудың күйзелістен арылтуға ықпалы зор екен.

Ал енді қортындылай келсем, студент жастардың кітап оқуға ден қоюы – бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Ертеңгі күні рухани игіліктің жол жиегінде қалып, материалдық байлықтың алдыңғы қатарға шығып кетпеуінің алдын-алудың жалғыз ғана жолы – рухани тәрбие деп білемін. Сондықтан, кітап оқу мәдениетімізін деген әрбір жастың әдетіне айналуға тиіс. Кітап – асыл қазына екенін ұмытпайық.

Меруерт Құдайбергенова



МЕНИҢ СҮЙІКТІ УНИВЕРСИТЕТИМ



Артем Кухарев,

Павлодар қаласының гимназиялық сыныптары бар инновациялық үлгідегі №39 жалпы орта білім беру мектебінің 8-сынып оқушысы

Білімнің ордасы – ПМУ

Еңсең түспей елу беске,
Келіп қапсың бүгінде.
Білім менен біліктің,
Ақ ордасы – ПМУ!
Құтты болсын айтамын,
Бүгінгі 55 жылдық тойыңа.
Ел үмітін ақтайтын,
Білім мен ілімнің алтын кені!
Қазақ, орыс, армян,
Көп ұлттардың шаңырағы,
С.Торайғыров атындағы ПМУ,
Әр ұланға шын пейілмен меймандос.
Мен сияқты жас ұландар,
Болашаққа үміт артар,
Шаттық өмір, білім беріп,
Бола берші, білімнің үлкен ордасы!

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павло-
дар мемлекеттік
университеті

Редактор:
Жанар Елешова
Дизайнер: Н. Яницкая
Тілшілер: А. Тилей,
Н. Рабилова, Ұ.Төлеу,
А. Ерманат, Б. Кабышев,
М. Сүлейменов.

Ақылдастар алқасы:
Қ. Алдабергенов, Ж. Бижан,
А. Тойшыбайұлы, А. Эсеналиева.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 430